

«Жас дәурен» бөбекжай-бақшасы»

«Айгөлек» ортаңғы тобында өткізілген балабақшамен қоштасу мерекелік ертеңгілігі

Тақырыбы:

«Қош бол балабақшам»

Өткізген тәрбиеші:З.Копжасарова

2024-2025 оқу жыл

Фонфары ойналады, тәрбиеші шығады.

Зульфия:

- Құрметті ата-аналар, балабақша қызметкерлері, балалар, кешіміздің қадірлі қонақтары. Бүгінгі біздің мерекемізге қош келдіңіздер. Бүгінгі мереке ерекше болмақ, себебі, бүгін бірнеше жыл мәпелеп өсірген, тәрбиелеген бүлдіршіндерімізді ұямыздан ұшырып, мектепке шығарып салғалы отырмыз. Әрине, бұл да үлкен той. «Қош бол балабақшам»-атты қоштасу кешімізді ашық деп жариялаймыз

Зульфия:

Бізге сыйлап сыңғырлаған күлкіңді,
Сәбилерім жүздеріңнен нұр тұнды,
Бізден ұшып қанат қағып есейдіңдер,
Өздеріңмен қоштасатын күн туды,
Бізден ұшып талмай қанат қағыңдар,
Жүректерден арман отын жағыңдар
Бұл өмірде бақыт жолын табыңдар
Олай болса, біздің еркелеріміз, «Айгөлек» тобының тәттілерін қарсы алыңыздар!

(Музыка ойналып тұрады, балалар тұрып қолдарын бұлғайды.)

1 Аяла:

---- Ай десе аузы бар,
Күн десе көзі бар,
Тобымыздың мың бұралған бишісі,
Аяланы қарсы алайық!

2 Абдурахман:

-- Алтыннан ардақты,
Күмістен салмақты,
Тобымыздың мақтанышы,
Абдурахмандай бала бар !

3 Айлин:

----- Сап-салмақты, тап-таза боп жүреді,
Қуанғанда Айлин, жымылып күледі!

4 Абдулғани:

- Бойында үлкен намыс бар,
Әрқашан алға ұмтылған,
Сегіз қырлы, бір сырлы,
Намысшыл жігіт Абдулғани

5. Айзере :

---- Мың бұралған бишіміз бар майысқан,
Айзерені таниды бәрі алыстан.

6. Ясин:

-- Парасатты ер жігіт,
Ақылменен біледі,
Сегіз қырлы, бір сырлы
Ясин күліп келеді

7. Асылым:

---- Әдептілікті тал бойына жинайды,
Сабырлы қыз, Асылым бар ибалы!

8.Ляйсан:

--- Әдемі ән айтатын,
Көңілді болып үйге қайтатын.
Тобымыздың көңілді бүлдіршіні,
Ляйсанды қарсы алайық!

9 .Інжу:

--- Мінезі бар еркелеу,бірақ алдасаң көнеді,
Тиеді бізге ылғи, Інжудің көмегі

10. Кәусар:

----- Өзі жайсаң, бірақ сұлулықты сүйеді,
Әдемі қыз Кәусарды бәрі жақсы көреді.

11.Диас:

---Тақылдап тұрып тақпақ айтатын.
Батыр да , жігерлі,
Диастай жігіт бар.

12 .Аруназ :

----- Мерекеде сызылтып ән салады,
Ән айтып, би де билеп жан салады,
Бұл ұлы мерекеде ән салғанда,
Аруназды шапалақтап қарсы алады

13 .Аминат:

--- Спортты жаны сүйеді,
Салауатты өмір сүреді,
Бар қоғамдық жұмыстың ,
Ортасында жүреді

14. Мерейлім :

--- Білімді, сұлу, жүлделі болған сайыста,
Мерейлім біздің жаралған тек жарысқа.

15.Айсезім:

----- Біледі ол жақсы менен жаманды,
Өнерменнен тамсандырған адамды
Қарсы алайық Айсезімдей көркем қызды,
Сұлулықпен бағындырған ғаламды

16.Жәдігер:

--- Тау қозғалса қозғалмайтын байсалды,
Көрдіңіз бе Жәдігердей жайсаңды?
. (Барлық балалар орындарына тұрады).

Ляйсан:

- Құрметті қонақтар, армысыздар,
Бәріңіз де есен- сау бармысыздар,
Қоштасатын күн келді бақшаменен,
Апайларға айтатын алғысым бар

Абдулғани:

-Ақ тілекті ағытып бір тастайық.
Қоштасатын кешімізді бастайық,

Әдеппенен өнегені үйреткен,
Бақшамызды есімізге сақтаймыз
Олай болса, сіздердің қошеметтеріңізбен біздің құрметті апайларымыз
Анаргүл Жұмабайқызын , Гүлжан Сағынбайқызын ортаға шақырамыз.
Ляйсан Анаргүлді, Абдулғани Гүлжанды ортаға алып шығады, кері
орындарына тұрады.

Барлық балалар:

Жақсылыққа құмармыз
Жақсы адам болып шығамыз
Таза сәби жүректен
Қабылдаңыз мың алғыс

Хор : «Тәрбиеші-бағбан»

Зульфия:

Балалардың қуанышы құтты болсын,
Денсаулығы ауырмайтын мықты болсын,
Білімдерін әрі қарай дамытатын,
Ерінбейтін еңбеккор күшті болсын!
Құттықтау сөз балабақшаның меңгерушісі Қарлығаш Құрманбайқызына
беріледі

Зульфия:

Күлімдесе көкте нұр шашқандай,
Балалармен жұлдызды бір аспандай,
Балабақша балалықтың белгісі,
Қиял құсың самғап биік ұшқандай.
Кезекті балалардың жыр-шумағына берейік!

1.Аяла

Үлкендердей тап-таза.
Жазамыз бормен тақтаға
Үлгілі бала боламыз
Жүретіндей мақтана

2.Диас

Біз бес жасқа толамыз!
Әдепті бала боламыз,
Қуантып ата-ананы,
Мектепке кетіп барамыз

3.Жәдігер

Тәрбие берген ұямыз,
Тәртіпті бала боламыз,
Қоштасып балабақшамен,
Мектепке кетіп барамыз

4 Асылым

Қуанамыз, сыйлаймыз,
Қуаныштың мың гүлін,
Бақшамызбен қимай біз,
Қоштасатын күн бүгін.
Айсезім

Бақшадағы күндерді,
Есімізге сақтаймыз;
Тәрбиеші еңбегін,
Бәрімізде ақтаймыз.
Ән:Тәрбиеші-бағбан

Зульфия:

-- Балалар сендер балабақшамен қоштасып, енді қайда барасыңдар, білесіңдер ме?

Балалар: -- Біз мектепке барамыз.

Зульфия:- Дұрыс балалар сендер енді үлкен болдыңдар, мектепке де баратын уақыт болды.

(Әліппе кіреді.)

Әліппе :

--- Сәлематсыңдар ма балалар! Қайырлы күн балалар!

Балалар : Сәлеметсіз бе?!

Әліппе: «Жас дәурен» балабақшасындағы ересек топ балалары мектепке баратын мерекелік кеш өткізіп жатыр деп естіп арнайы келдім.Солай ма?

Мен қателеспедім бе?

Зульфия:

- Жоқ . қателеспедіңіз, дұрыс келдіңіз.Біздің балалар 1 жастан бастап балабақшаға келіп , осындай білім мен жақсы тәрбие алып, өсіп ержетіп, мектепке бара жатыр. Ал мен өзінді танып тұрмын,бірақ балалар танымайды.

Әліппе:

-Мен сендердің мектептегі алғашқы достарыңның бірі «Әліппе» кітабы боламын. Осы кітап ішінен сендер көптеген білім аласыңдар. Менімен дос болғыларың келеді ме?

Зульфия: - Ендеше балаларымыздың өнерін тамашалаңыз, ортамызға қосылыңыз.Біздің балалар білімді ,әрі өнерлі.

Әліппе: - Әрине тамашалаймын,бірақ алдымен балалардың білімін тексеріп алайық.

(аниматорлар кіреді)

Зульфия: - - - Балалар, бізді балабақшаға дайындап , киімдерімізді жуып, балабақшаға әкелетін кім?

Балалардың жауабы: - - - Анамыз, мама.

Зульфия: - - - Олай болса, Аналарымызға арнап ән орындап берейік

Ән: Аяулы анашым

Айсезім,Мерейлім,Жәдігер,Аруназ,Інжу,Кәусар

Кезекті балалардың тақпағына берейік.

5.Айзере

Қоштасамын мен бүгін балалықпен,

Қоштасамын сиқырлы ойыншықпен,

Танысып мектеп деген әлемменен,

Достасамын білім мен даналықпен

6.Ясин:

Көңілді өскен баламыз,

Шырқатып ән саламыз,

Тойымызға сән берер,
Би де билеп аламыз

8.Айлин

Ұшырдың бауырыңнан алғаш түлек,
Құлпырдың өзіңнен сан түлеп,
Балабақшам мейірімді анамдай,
Қаларсыз жолыма нұр тілеп.

Хор: «Балабақша»

Зульфия:

---Бүгін біздің кешімізге аға-апаларына ақ жол тілеп, ортаңғы топ балалары келіп тұр екен, «Күншуақ» топ балаларын қарсы алайық!

Раяна:

Біз ғой әлі бүлдіршін,
Мектепке әлі бармаймыз
Ақ жол тілеп сендерге,
Ақ тілекті арнаймыз.

Ясмина:

Жақсы оқып мектепте,
Тәртіпті боп жүріңдер,
Жамандықты көрсетпей,
Ден қойыңдар білімге.

«Күншуақ» тобына ересек топ балаларынан арнау.

Жәдігер:

Ойыншықты жинаймыз,
Бөбектерге сыйлаймыз,
Үлкен болып өссек те,
Бақшамызды қимаймыз.

(Балаларға ойыншықтар береді)

Ляйсан:

«Айгөлектің» білім кілтін,
Ұстап өзім қолыма,
Тапсырамын аманат қып,
Ортаңғылар тобына.

Ержігіт:

Қабыл алам аманатын,
«Айгөлектің » тапсырған.
Жақсы оқуға ант етеміз,

Ортаңғы топ атынан

. (Ержігіт пен Ясмина білім кілтін Ляйсанның қолынан алады.)

Әліппе:

-Балалар, менің кететін уақытым болды .Мен сендерді мектептен күтемін,ал көріскенше сау болыңдар

«Жігіттер» биі.

Тағы бір кезекті балалардың жыр шумақтарына берейік

9.Аруназ

Біз бақытты баламыз,
Жетіліп ой санамыз,
Бақшамызбен қоштасып,
Мектепке кетіп барамыз,
10.Инжу

Бақшамызды ұмытпай.
Келіп кетіп тұрайық,
Сондай кезде апайлар,
Қалады ғой қуанып

11.Аминат

Жаңа өмір басталсын,
Үміт сенім ақталсын,
Ұмытылмай балабақша,
Көңілге мәңгі сақталсын.

12.Кәусар:

Бақша біздің панамыз,
Мектеп біздің анамыз,
Ұлағатты ұстаздан,
Оқып-білім аламыз.

13.Абдурахман

Мектепке ертең барамыз;
Оқимыз,білім аламыз
Қашықта емес арамыз
Бақшаға келіп тұрамыз

Осы тобымызда немерелерін қызғыштай қорып,бар жақсы мен тәттісін
немерелеріне беріп,өздері шаршаса да немере бағудан шаршамаған әжелер
бар,сол әжелеріне немерелерінің ән шашуы бар

Ән: « Әжетайым» орындайтындар:

Мерейлім,Аминат,Асылым,Абдулғани,Айзере,Ясин,Айсезім,Аяла,Ляйсан,Ай
лин,

Абдурахман, Диас,

14.Мерейлім

Балабақша, балабақша,
Шаңырағы шаттықтың;
Балабақша қорғанышы,
Балғын сәби жастықтың

15.Инжу

Бақшамызды ұмытпай.
Келіп кетіп тұрайық,
Сондай кезде апайлар,
Қалады ғой қуанып

16.Аминат

Жаңа өмір басталсын,
Үміт сенім ақталсын,
Ұмытылмай балабақша,
Көңілге мәңгі сақталсын.

- Балалар, сіздерге тобымызда дәмді тағам дарыңды беретін, төсек орындарыңды жинап, тазалыққа үйретіп жүрген кім?

Балалар:

ГҮЛЖАН апай.

Зульфия :

Олай болса, Гүлжан апайды ортаға қошеметпен шақырайық!

Хор: «Үйретеді» әні.

Зульфия:

- Өнер қуған жасынан,
Өнері судай тасыған,
Келесі біздің бишілер,
Көрінген к өштің басынан.
«Гүлдер»биі.

Зульфия:

Жаңа өмір басталсын ,
Үміт сенім ақталсын,
Алғашқы бүлдіршіндер вальсі,
Көңілге мәңгі сақталсын,

Вальс биі :

Зульфия: Балаларымызды мақтау қағаздарымен марапаттау кезегі де келді. Осы балаларымыздың ішінде көп жетістіктерге жетіп аудандық орындарға ие болған балалар бар соларды айтып кетейік, осы балалармен бірге біздің әжелеріміз де, аналарымыз да ортамызда жылдар бойында қоян қолтық өте мақтанарлықтай жұмыс жасадық, біз оны мақтанып та айта аламыз. Әжелерімізді, аналарды мадақтау. Ата-аналар комитетіне сөз беріледі. Ал енді балаларымызға ақ жол тілей отырып,
«Балабақшамен қоштасу» әнін қабыл алыңыздар! Назар қойып тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет.



